

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 52 (963) 1 желтоқсан 2023 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

КЕЗ КЕЛГЕН АЗАМАТТЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ТАПТАЛМАУЫ КЕРЕК

Қазақстан Республикасы 30 жылда құқықтық мемлекет құру, зайырлы ел болу үшін қажетті қадамдар жасалды. Алайда, азаматтардың бәрі бірдей құқықтық тұрғыдан сауатты деуге әлі ерте. Оны сотта қаралатын іс, материалдардан анық аңғаруға болады.

Құқықтық сауаттың кемдігі мен көзсіз сену азаматтардың сергелдеңге түсіп, сотта сандалуына түрткі ең негізгі себеп. Мысалы, көптеген азаматтар өзі танитын әріптесіне, досына, көршісіне қолхатсыз қарыз беріп, берешегін қайтара алмаған соң сот арқылы құқығын қорғайды. Бірақ сотта өз сөзінің растығын айғақтайтын бір де бір нақты дәлел, айғақ жоқ. Бердім, қайтармады деген бір тараптың сөзіне екінші тарап ешқашан қарыз алған емеспін. Дәлелдесін! Дәлелдемес, мені қаралағаны үшін сот арқылы моральдық өтемақы талап етемін деп жатады. Мұндайда соттың қолы қысқа. Сот тек заңды басшылыққа ала отырып шешім шығарады.

Осындай деректер біздің елімізде құқықтық сауатты арттыру бағытында әлі де көп жұмыстар жүргізілуі керектігін айғақтайды. Заңнаманы түсіндіру, өз құқығыңды қорғаудың әліппесін үйрену өзгелерге құқығыңды тапталмаудың заңдық негізін білу мектеп қабырғасынан бастап үйретілуі керек. Біздің азаматтар басына іс түскенде қай құзырлы мекемеге барып, кімнен көмек сұрайтынын да білмейді. Қарапайым арызды жазудың тәтібін де меңгермеген. Сондықтан олар осындай қадамдар үшін де заңгерлерден ақылы кеңес алуға мәжбүр. Өз құқығын қорғаудың негізін білмегендіктен кейбір мәселені жылы жауып қоятыны да белгілі. Құқықтық, дамыған мемлекетте бұлай болмауы керек. Кез келген азаматтың құқығы тапталмауы тиіс.

Міне, соның барлығы мектеп, колледж, жоғары оқу орындарында жан-жақты оқытылуы керек. Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарында сенім мен құқықтық сауаттың ара жігін ашып көрсететін, азаматтардың заңдық білімін жетілдіретін танымдық мақалалар жиі жарияланғаны дұрыс. Бүгінде әлеуметтік желілердің мүмкіндігін пайдаланып азаматтарға құқықтық кеңес беруді дәстүрге айналдырсақ нұр үстіне нұр болар еді. Өйткені, азаматтар сотқа құқығы тапталып, әділдік таба алмаған соң келеді. Ал бұл кезде азаматтарға кеңес беру, заңсыздықтың алдын алу мүмкін емес. Көзі ашық халықтың заңсыздық құрбаны болмайтынын қаперден шығармайық.

Әйгерім МЕЙРАМ,
Тайынша аудандық сотының
бас маман - сот мәжілісінің хатшысы.

ШЕКТЕУ ШАРАЛАРЫ

Облыстың үш ауданындағы төрт ауылдың малынан бруцеллез анықталды. Қызылжар ауданындағы Плоское, Аққайың ауданындағы Ленинское және Ақжар ауданындағы Үлгілі, Тұғыржап ауылдарындағы малдардың бруцеллезге шалдыққаны белгілі болды. Бұл елді мекендерге шектеу шаралары енгізіліп, ет және сүт өнімдерін сыртқа шығаруға тыйым салынды. Облыстық ветеринария басқармасының мәліметінше, жыл басынан бері өңірде 223 ірі қарадан бруцеллез анықталса, өткен жылы жұқпалы кеселге 779 мал шалдыққан. – Бүгінде дерт белгілері байқалған Тұғыржап ауылындағы “Хиуа” шаруа қожалығы тексерілуде. Ауру 5 ірі қарадан анықталды.

Облыстық ветеринария басқармасы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» КММ Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м. а. 2023 жылғы 13 сәуірдегі № 137 бұйрығымен бекітілген Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстары кезеңінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін мұнай өнімдерінің көлемдерін қалыптастыру және бөлу қағидаларының 3-тармағына сәйкес 2023 жылғы 1-20 желтоқсанды қоса алғанда, gosagro.kz порталында 2024 жылғы көктемгі егіс жұмыстарына дизель отынына қажеттілікке өтінімдер қабылдау жүзеге асырылатынын хабарлайды.

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» КММ

ТАЙЫНША АУДАНЫНДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ

Тайынша ауданында ауыл шаруашылығы қызметкерлері күніне арналған салтанатты іс-шара өтті.

Қалыптасқан игі дәстүрге сәйкес жиын барысында ауыл шаруашылығы саласында жыл көлемінде атқарылған жұмыстың қорытындысы шығарылды. Тайынша ауданының әкімі Берік Әлжанов, Солтүстік Қазақстан облыстық әкімдігі ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Мейрам Меңдібаев, Қазақстан фермерлер Қауымдастығы филиалының СҚО бойынша филиалының төрағасы Ерлан Алпысов ауыл шаруашылығы саласында қажырлы еңбек етіп жүрген мамандарды кәсіби мерекемен құттықтады.



Берік Ақылжанұлы өзінің құттықтау сөзінде ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің күні күнтізбедегі ерекше мейрам екенін атап өтті. Сонымен бірге агроөнеркәсіп кешенінің еңбеккерлеріне, сала ардагерлеріне қажырлы еңбектері үшін әрі ауданның дамуына қосқан зор үлестері үшін шын жүректен алғыс білдірді. Салтанатты жиын барысында саланың үздік қызметкерлері мен ауыл шаруашылығы мамандарына төсбелгілер, Құрмет грамоталары және Алғыс хаттар табыс етілді. Ақмола филармониясының, аудандық Мәдениет үйінің, сондай-ақ ауылдық мәдениет үйлерінің шығармашылық ұжымдары дайындаған концерттік бағдарлама мерекенің сәнін одан әрі аша түсті.

Айгүл МҰХАМЕТҒАЛИЕВА,
Тайынша ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің басшысы.

«ХАЛЫҚ ЖҮРЕГІНДЕГІ ҚАҢАРМАН»

Петропавл қаласында Кеңес Одағының Батыры Сағадат Нұрмағамбетовтың 100 жылдығына арналған «Халық жүрегіндегі қаһарман» атты көшпелі көрме ашылды. Облыстық тарихи – өлкетану мұражайына батырдың өмірі мен әскери қызметінен сыр шертетін 100 – ден аса құнды жәдігер қойылған. Оның ішінде «Халық қаһарманы» медалі, өзі киген әскери киімдері, жеке заттары мен маңызды құжаттары бар. Сағадат Нұрмағамбетов - екінші дүниежүзілік соғыста ерлігімен танылып, Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Тағылымды шара еліміз бойынша жалғасын табады. Мемлекеттік әскери – тарихи музейінің басшысы Ляззат Әлжанның айтуы бойынша көшпелі көрме бірінші Солтүстік Қазақстан облысынан басталып отыр. Енді алдағы 24 жылы көшпелі көрме Қазақстанның барлық қалаларын аралап шығады деп жоспарланып отыр.

Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов - әскери қайраткер, армия генералы, Кеңес Одағының Батыры, Қазақстан Республикасының тұңғыш қорғаныс министрі, «Халық қаһарманы», Алматы, Астана, Донецк (Украина) қалаларының, Ақмола облысының, Ақкөл ауданының құрметті азаматы. Қазақ халқының қадірлі ұлы – Сағадат Нұрмағамбетов. Бірінші «Халық Қаһарманы» атағының иегері, тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш қорғаныс министрі, Қарулы күштердің құрылуы мен қалыптасуында аса маңызды рөл атқарған алғашқы армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтың есімі ел тарихында мәңгі қалады. Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов 1924 жылы 25 мамырда Ақмола облысы Ақкөл ауданы бұрынғы Трудовое, қазіргі Еңбек ауылында дүниеге келген. Кішкентай кезінен қалған оны және әкелерін Сағит ағасы асырап, әкешесінің орнын басты. Соғыс жылдары алғашқылармен майданға аттанған ағасы, көп ұзамай Псков қаласындағы шайқаста қаза табады. Ол Кучка қаласындағы Түркістан пүлемет училищесін бітіріп, 1943 жылдың сәуірінен 1945 жылдың мамырына дейін 5-ші соққы беруші армияның Берлин атқыштар дивизиясы II дәрежелі 301-ші Донецк Суворов ордені 1052-ші атқыштар полкінің құрамында пүлемет взводының, ротаның, атқыштар батальонының командирі ретінде майданда соғысқан. Краснодар өлкесін, Украинаны, Молдованы, Батыс Беларусь пен Польшаны азат етуге қатысты. Сағадат Нұрмағамбетовтың батальоны Гитлердің Рейх канцеляриясының ғимаратына жасалған шабуылға да қатысқан. Жеңістен кейін батальонның жеке құрамы мемлекеттік маңызы бар маңызды объектілерді күзету міндеттерін орындады. Осы кезеңде Сағадат Нұрмағамбетовке Кеңес Одағының Батыры атағы беріліп, «Алтын жұлдыз» табыс етілді.

1945 жылы сәуірде жасаған ерлігі мен батылдығы үшін ол екінші мәрте Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған болатын, алайда майор Нұрмағамбетов Қызыл Ту орденімен марапатталды. 1991 жылғы қазанда Одақтың ыдырауы кезіндегі жауынгерлік және практикалық тәжірибені ескере отырып, ҚР Президентінің Жарлығымен Сағадат Нұрмағамбетов Мемлекеттік қорғаныс комитетінің төрағасы, ал 1992 жылғы мамырда Қазақстанның Қорғаныс министрі болып тағайындалды. 1994 жылы Президенттің Жарлығымен оған «Алтын Жұлдыз» табыс етіліп, «Халық Қаһарманы» атағы берілді.

Сағадат Нұрмағамбетов ержүрек жауынгер ғана



емес, шығармашылық адам болған. Оның қаламынан туындаған «Лицом к огню», «Мой передний край», «От огненных лет до суверенной армии», «А в памяти нет тишины» деген естелік кітаптары бар. Бүгінде оның есімі Қазақстан қалаларының көшелеріне және әскери оқу орындарына берілген, батырдың құрметіне ескерткіштер, мемориалдық тақталар орнатылып, мұражайлар ашылды. Сағадат Қожахметұлының бюсті Мәскеудегі Ұлы Отан соғысының Орталық музейі Қасіретке тағзымға қойылған. Ол жайлы Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» «Сағадат Нұрмағамбетов. Соңғы сұхбат» атты фильм түсірген болатын. Бұл фильм 2016 жылы Севастопольде өткен XII Халықаралық деректі фильмдер мен телебағдарламалар кинофестивалінде үздік портреттік очерк сыйлығын жеңіп алған.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Ақпарат орталығының мәліметтері бойынша мақаланы әзірлеген Жанаргүл МҰАТҚЫЗЫ, тілші.

2023 жылғы желтоқсанда аудандық мәслихаттың төрағасымен, облыстық және аудандық мәслихаттың депутаттарымен азаматтарды қабылдау кестесі

№ р/с	Қабылдауды жүргізген тұлғаның тегі, аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны	Қабылдау күні мен орны
1	Ерлан Сапарбекұлы Алпысов, облыстық мәслихаттың депутаты, «Зерновой консорциум Казахстана» ЖШС мал шаруашылығы саласының кеңесшісі	6 желтоқсан «AMANAT» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы, Тайынша қ.
2	Людмила Николаевна Журавлёва, аудандық мәслихаттың депутаты, «Тайынша әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ-нің директоры	4 желтоқсан Чермошнян а/о әкімдігі
3	Төрехан Ермханұлы Алмасбаев, аудандық мәслихаттың депутаты, «Тиолойн» ЖШС директорының орынбасары	7 желтоқсан Келлер а/о әкімдігі
4	Динара Мәлікқызы Рсаева, аудандық мәслихаттың депутаты, «Алабота орта мектебі» КММ директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	8 желтоқсан Зеленогай а/о әкімдігі
5	Бауыржан Иманбайұлы Тасмағанбетов, аудандық мәслихаттың депутаты, «Агрофирма ЭксимНан» ЖШС-нің бас директоры	11 желтоқсан Абай а/о әкімдігі
6	Айгүл Бағдатқызы Әбдірахманова, аудандық мәслихаттың депутаты, «ЗИМ-Экспорт» ЖШС-нің директоры	13 желтоқсан «AMANAT» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы, Тайынша қ.
7	Сәрсенбай Мұратұлы Бекшенов, аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша ауданы мәслихатының төрағасы	15 желтоқсан «AMANAT» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы, Тайынша қ.
8	Данил Викторович Долгалев, аудандық мәслихаттың депутаты, «Обуховский ГОК» ЖШС-нің директоры	19 желтоқсан Драгомиров а/о әкімдігі
9	Гүлдана Серікқызы Көпірбаева, аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша көп бейінді ауданаралық ауруханасының учаскелік терапевт дәрігері	21 желтоқсан Донецк а/о әкімдігі
10	Алмас Жолдасұлы Нұрахмет, аудандық мәслихаттың депутаты, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы Тайынша аудандық филиалының директоры	22 желтоқсан «AMANAT» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы, Тайынша қ.
11	Юрий Васильевич Красногоровый, аудандық мәслихаттың депутаты, «Зелёные Луга» ЖШС-нің директоры	25 желтоқсан Рошинск а/о әкімдігі
12	Николай Викторович Брайченко, аудандық мәслихаттың депутаты, «УМР ОГОК» ЖШС директорының орынбасары	27 желтоқсан Чкалов а/о әкімдігі
13	Анатолий Францевич Сарницкий, аудандық мәслихаттың депутаты, «Gck-Taynsha Astyk» ЖШС-нің директоры	29 желтоқсан Киров а/о әкімдігі

Аудандық мәслихат депутаттарының қабылдау уақыты: 11.00.-ден 13.00.-ге дейін.

Мына телефондар арқылы қабылдауға алдын-ала жазылуға болады: аудандық мәслихат – 23 4 85, 23 0 72.

ҚОС ДИПЛОМДЫҚ БАҒДАРЛАМА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінде білім, мәдениет және спортты дамытуға елеулі үлес қосып келе жатқан педагогика факультетінің 45 жылдық мерейтойы аталып өтті. Арнайы ұйымдастырылған кешке факультет ардагерлері, түлектер, әріптестік байланыс орнатқан білім, спорт, мәдениет саласы ұйымдарының өкілдері, оқытушылар және студенттер жиналды. Салтанатты іс-шарада факультеттің жұмысын жандандыруда елеулі еңбек етіп жүрген оқытушылар – Елена Гумель, Алиса Сбитнева, Мнира Куспанова, сондай-ақ, педагогика және психология кафедрасы меңгерушісінің міндетін атқарушы Әсем Белгібекова облыстық білім басқармасының Алғыс хатымен марапатталды. – Өткен 45 жыл ішінде факультеттің білім беру бағдарламасы кеңейді. Бұл факультетте білім мен ғылым, бүкіл қоғам мен мемлекет үшін болашақ мамандар даярланады. Ең бастысы, рухани-адамгершілік құндылықтарды дамытуға үлес қосып жатыр. Осы ретте педагогика саласында еңбек етіп жүрген әріптестеріме ерекше алғыс айтқым келеді, – деді құттықтау сөзінде университеттің басқарма төрағасының Ретор міндетін атқарушы Рената Апергенова. Сахна төрінен жылы лебіздер айтылып, дарынды студенттер мен қаламыздық шығармашылық ұжымдары концерттік бағдарлама ұсынды. Бүгінгі таңда аталған факультетте 28 білім беру бағдарламасы бойынша 1000-ға жуық студент пен магистрант білім алуда. Сонымен қатар Аризона университетімен халықаралық және қос дипломдық бағдарлама жүзеге асырылуда.

Диана ХАЛИМОВА,
М. Қозыбаев атындағы СҚУ-дың
медиаорталығының бас редакторы.

ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ НАЗАРДА

Заңдылықты, тәртіп және қауіпсіздікті қамтамасыз ету басты назарда. «Заң барлығына бірдей болуы керек. Қоғамдағы әділеттілік – бұл заңдылықты нығайту жолындағы азаматтардың ынтымақтастығы»- деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысының айтуынша, құқықтық тәртіп қағидасы қазақстандық қоғамы үшін өзіндік идеологиялық және саяси бағдар болуы тиіс. Жедел жағдайды сауықтыру, заңдылықты, темір жол және әуе көлігі нысандарында құқықтық тәртіпті және қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Көкшетау станциясындағы Желілік полиция бөлімінің қызмет көрсету аумағында ағымдағы жылдың қарашаның 20-30 аралығында «Құқықтық тәртіп» жедел- профилактикалық іс-шаралары жүргізілді. Сонымен, ағымдағы жылдың 22 қарашасында Тайынша станциясындағы желілік полиция бөлімшесі қызметкерлерімен рейдтік іс-шара өткізілді. Іс-шара барысында қала тұрғындары үшін темір жол объектілерінде қауіпсіздік ережелері түсіндірілді. Осы іс-шара мақсаты - адамдардың назарын теміржолдағы жарақаттану мәселелеріне аудару, темір жолдың қауіпті аймақ екенін еске салу. Іс-шара барысында Тайынша станциясындағы ЖПБ қызметкерлері құқық бұзушылықтар түрлерін түсіндіріп, құқықтық жауапкершілік мәселелерін талқылады.

Тайынша ст. ЖПБ бастығы
полиция капитаны Д.К. Амиржанов.

ҚЫЗЫЛШАДАН САҚ БОЛЫҢИЗ!

Биыл Қазақстанда қызылша дерті өршіп тұр. Жыл басынан бері 12 мыңнан астам адамның қызылшамен ауырғаны анықталды. Оның 10,5 мыңы – 14 жасқа дейінгі балалар. Қызылша жұқтырған балалардың 70 пайызы вакцина алмаған. Бес мыңнан астам баланың ата-анасы екпеге рұқсат бермеген.

Қызылша қандай ауру? Қызылша – вирусты инфекция, яғни инфекциялық жұқпалы ауру. Балалар арасында бұл дерт жиі кездеседі, әрі аса қауіпті инфекция саналады. Қызылша деп аталуының да өз мәні бар. Баланың ыстығы көтеріліп, денесін бөртпе басады. Қызамық пен қызылша аурулары балалар инфекциясы саналғанымен, оның жұғу көрсеткіші аса жоғары. Ауруға қарсы екпе алмаған адамның оны жұқтырып алуы әбден мүмкін. Аурудың негізгі белгілері: әлсіздік;дене қызуының көтерілуі; қабақтың ісінуі;бас ауруы; ұйқысыздық; жалпы мазасыздық; тамаққа тәбеті болмау; шырышты секрециясы бар күшті ринит; құрғақ жөтел; конъюнктивит. 3-8 күнде денесіне бөртпе шыға бастау. Ауру қалай жұғады? Вирус ауа тамшылары арқылы сөйлескенде, жөтелгенде, түшкіргенде ауру адамның сілекейімен сыртқы ортаға тарайды. Төртінші күні көзі бөртпін ауырып жүрген адам инфекцияны таратушы көз деуге болады. Бесінші күннен бастап вирус адамға жұқпайды. Ауырып, жазылған адамда өмір бойы қызылшаға қарсы иммунитет сақталады. Кезінде қызылшамен ауырған әйелден туған бала үш айға дейін бұл ауруға шалдықпайды, өйткені сәбидің бойында анасынан берілген ауруға қарсы денелер, яғни антитела уақытша сақталады. Қызылшамен ауырмаған және оған қарсы вакцина алмаған адам кез келген жаста вирусты жұқтырып алуы мүмкін. Қызылшаның инкубациялық кезеңі қаншаға созылады? Қызылшаның алғашқы белгілері аурудың катаральды кезеңінде көрінеді. Бұл кезең ұзаққа созылмайды, тек 3-5 күндей болады. Бұл кезеңде ұйқышылдық пен тез шаршау секілді аурудың алғашқы нақты белгілері пайда болады. Жөтел басталып, мұрыннан су ағуы мүмкін. Дене қызуы да аздап көтерілуі ықтимал. Бұл кезеңде көрінетін негізгі белгі – тістердің түбінде, ауызда ерекше бөртпелер пайда болады.Осы белгі ауруды ерте анықтап, баланы оқшаулауға көмектеседі. Ауру өршісе жөтел жиілейді, дене қызуы біртіндеп көтеріледі, тіпті 40 градусқа жетуі мүмкін. Қызылша белгілері анықталса, не істеу қажет? Ауру белгілері байқалса, сау адамдарға жұқтырмас үшін қарым-қатынасты дереу тоқтату керек. Мұндайда бірден

емханаға барып, зертханалық сынамалары тапсырған жөн. Қорытындысына қарай диагнозды инфекционист-дәрігерлер қояды. Ауру адам қан және зәр тапсырады. Дәрігер қажет деп тапса өзге де анализдерді тапсыруы мүмкін. Дәрігерлер қызылша анықталған науқаспен қарым-қатынаста болған адамдардың бәрін 21 күн бойы тексереді. Аурудың салдары неге әкелуі мүмкін? Қызылша вирусының алдын алмаса пневмония, энцефалит ауруларына шалдығу қаупі бар. Бұл дерттен менингит секілді әртүрлі асқынулар туындайды. Сол үшін дер кезінде дәрігерге қаралу қажет. Көбінесе қызылшамен 5 жасқа дейінгі балалар немесе 20 жастан асқандар ауырады. Оларда құлақ қуысы, мойын тұсы ауырады. Ал көзі ауыратындар қызылша жұқтырса, ауру асқынып соқыр болып қалуы мүмкін. Сондықтан учаскелік дәрігер ауруды жиі бақылап тұруға тиісті. Қызылшаны қалай емдейді? Бұл жұқпалы ауруды арнайы емдеу тәсілі жоқ. Ауру жұқтырған науқас тесекте жатып, сұйықтықты көп ішуі керек. Дәрігер қызу түсіретін, мұрын бітелуіне және тамақ ауруына қарсы, қақырық түсіретін дәрілер мен витаминдер тағайындайды. Ауру асқынып кетсе ауруханаға жатқызылады. Баланың бөртпелерін ештеңемен майлаудың қажеті жоқ. Денесін бөлме температурасында сумен жуу жеткілікті. Жиі су ішкізіп, оңай қорытылатын, дәрумендерге бай тағам беру керек. Ал конъюнктивиттің алдын алу үшін көзді қайнаған жылы шайға малынған мақта тампонымен жуады. Антибиотиктер ауру асқынғанда ғана тағайындалады. Қызылшаның емі болмаса, ауырмас үшін не істеу керек? Кез келген жұқпалы ауруды алдын алудың ең тиімді әдісі – екпе алу. Қызылшаға қарсы екпе бала бір жасқа толғаннан кейін үш айдың ішінде ата-анасының рұқсатымен салынады. Одан соң алты жасында тағы салынады. Қазақстанда қызылша, қызамық және паротитке қарсы вакцина тегін. Вирус таралмас үшін бөлмені жиі желдетіп, ылғалды тазалау жұмыстарын жасап тұру қажет. Қызылша жұқтырған адамның үйіне, ауру өршіп тұрғанда адам көп жерлерге бармаған жөн. Ауа тамшылары арқылы жұғатындықтан халық көп шоғырланған орындарда маска киіп жүрген дұрыс. Мамандардың айтуынша, бұл дерттен өліп кету қаупі бар. Көбінесе вакцина алмаған адамдарда ауру ауыр өтеді.

Анар ШАРИПОВА,
«Тайынша аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы».

ЖАСТАР ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ!

МАҒЖАН ЖӘНЕ БАЛАЛАР ПОЭЗИЯСЫ



Осындай ұранмен осы жылы Тайынша аудандық прокуратурасы облыс прокурорының қолдауымен шағын футболдан турнир өткізді. Онда ауданның орта мектептерінің командалары кездесті.

Тайынша қаласы ДСК ғимаратында мектеп оқушылары арасында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында және Қазақстан Республикасы прокуратурасының күні қарсаңында аудан прокурорының «Жастар есірткіге қарсы!» кубогына іс – шара өткізілді.

Өз кезегінде іс-шараға қатысқан спорт ардагерлері турнир ұйымдастырушыларына алғыс айтып, жастар арасында спортқа деген сүйіспеншілікті тәрбиелеудің маңыздылығын атап өтті.

Турнир барысында барлық командалар жақсы дене шынықтыру дайындығын және шағын футбол ойнау дағдыларын көрсетті. Финал қорытындысы бойынша ауданның 8 мектеп командасы 100-ге жуық адаммен кездесті. Кубокты жеңімпаздары Тайынша қаласы №2 орта мектебінің командасы, екінші орынды Тайынша қаласы №5 орта мектебінің командасы, үшінші орынды Петровка орта мектебінің командасы иеленді.



Жүлделі орындарға ие болған қатысушылар кубоктармен, спорттық сыйлықтармен, естелік медальдармен және грамоталармен марапатталды.

Алаштың ардақтысы, ақиық ақын Мағжан Жұмабаев өміршең туындылары арқылы қазақ балалар әдебиетінің іргесін қаласаға қомақты үлес қосаты. Ол – қазақ баласын тәрбиелеуде күні бүгінге дейін мұғалім қауымы, барша жұртшылық үшін таптырмайтын шығармалардың авторы. Ақын көзі тірісінде балаларға арнап арнайы ғылыми еңбектер, оқулық, әдістемелік құралдар жазды. Ақтық демі біткенге дейін ұлттың деп өткен ақынның балаларға арналған туындылары терең зерттеуді қажет етеді. Қазақ балалар кітапханасын байытқан туындыларды бір кітапқа топтастырып, оқырманның назарына ұсыну – бүгінгі күннің негізгі міндеттерінің бірі.

Қазақтың белгілі зерттеушісі, абайтанушы Қайым Мұхамедхановтың бірқатар ғылыми еңбектері мен мақалалары Алаш арысының балалар әдебиеті төңірегіндегі туындыларына арналған. Оларды оқып отырып жерлес ақынның қазақ әдебиетінің маңызды салаларының біріне кеңінен қалам тартқанын аңғаруға болады. Жазушының Мағжан Жұмабаев ресми ақталған 1989 жылы “Семей таңы” газетіне ақынның шығармашылығына арналған көлемді мақаласы жарыққа шықты. Бұл туындысында Абай Құнанбаевтың шығармаларын зерттегені үшін қуғын-сүргінге ұшыраған, Мұхтар Әуезовтің шәкірті, зерделі ғалым-филолог Қайым Мұхамедханов Мағжан шығармаларының сан қырлылығын нақты дәлелдермен, кестелі тіркестермен сипаттап, ақынның адамгершілік қасиеттерін жоғары бағалаған. Ақынның атына қаратыла айтылған жалалардың жөнсіздігін жеткізіп, оның шығармаларына оң баға береді. Қайым Мұхамедханов Мағжан Жұмабаевтың “Тәрбие, білім, әдебиет жайындағы мақалалардан терме, №1. Ташкент, 1925” шығармасына сілтеме жасай отырып, бастауыш сынып оқушыларына арналған өлеңдерін ерекше атап өткен. 1925 жылы жарық көрген “Балаларға базарлық” топтамасына Мағжан Жұмабаевтың “Ата, бата”, “Ақ қала”, “Сылдырмақ”, “Сұр құлын”, “Сал-сал білек, сал білек”, “Ана” сияқты өлеңдері енген. Газеттің көлемі шағын болғандықтан автор өз мақаласында ақынның балаларға арналған өлеңдері хақында бірекі сөйлеммен ой түйген. Мағжан Жұмабаевтың 1989 жылдың соңында шыққан шығармалар жинағында оны құрастырушылар Хамза Абдуллин мен Батырхан Дәрімбетов ақынның “Сылдырмақ” пен “Ана” өлеңдерінің қашан жазылғаны белгісіз екенін атап өткен. Сондай-ақ олар “Ақ қала”, “Ата-бата” және “Сал-сал білек, сал білек” өлеңдерінің 1927 жылғы жинақтан алынғанын айтқан. Бұл томда балаларға арналған шығармалар “Өлеңдер топтамасына біріктірілген. Ардақты тұлғаның бұл өлеңдерінің қай жылдары жазылғаны белгісіз, сондықтан авторларға кітапханалардағы көне газеттер мен кітаптарды ақтаруға тура келген. Қайым Мұхамедханов – Мағжан ақынның балаларға арналған өлеңдерінің 1925 жылы жарық көргені туралы қалам тартқан тұңғыш ғалым-әдебиетші. Ол 2004 жылы қайтыс болған соң Мағжанның балаларға арналған шығармалары толығымен зерттелген жоқ.

Мағжан Жұмабаев – ұлтжанды ақын. Ол қамшының сабындай қысқа ғұмырын қазақ елінің азаттығына, төл әдебиетінің өрістеуіне арнады. Қазақ балаларының сауатты болуын, оқу оқығанын, өркениетке құлаш сермеуін қалады. Ақынның балаларға арнаған шығармаларының негізгі мақсаты – осы. Алаштың асыл перзенті мұғалімдік қызметті жан-тәнімен сүйіп атқарған. Қазақстанда сауатсыздықты жою ісінде Мағжан ақын жазған әлденеше рет ондаған мың таралыммен басылған “Сауатты бол” оқулығы шешуші орын алды десек, қателеспейміз. Бұл кітапты қазіргі жаңа Қазақстанның ұстаздары да бала оқыту, шәкірт тәрбиелеу ісіне ерекше ықыласпен пайдаланса құбақұп. Бұл кітап – бүгінгі ғалым мен шәкіртке, жазушы мен оқырманға бірдей пайдалы, қызығалықты да, құнды шығарма. Туындыда ақын мен педагог тұлғасы тамаша үйлесім тапқан. Ақын бала дүниетанымын байытуға, жас өрненің жүрегіне имандылық, ізгілік, адамгершілік қасиеттерін егуге басымдық береді. Ауылдағы қазақ баласының қыстыгүні аққала соқпағаны аз. Осыны ескерген Мағжан ақын балалардың бұл ойынға деген қызығушылығын әсерлі сөзбен жеткізе отырып, еңбек тақырыбын көтереді. “Балалар ауыл арасындағы күртік қардан аққала соғады. Қардан үйдің төрт бұрышын шығарып, терезе қойып, мәре-сәре болады. Беттері бүлдіргендей қызарып, күліп, таласып жүріп, асыр салып ойнайды. Және де бала нені көрсө содан ойын шығарады ғой. Шыбықты ат қып мінеді, жарысады”, – деп сәбилерді жасынан еңбекке баулудың маңыздылығын жеткізеді. Мағжан Жұмабаевтың поэзиясы – тұнық тазалығымен, өміршеңдігімен, асқақ арманымен, нәзіктігімен, сұлулығымен ерекшеленеді.

МАҒЖАН ЖӘНЕ БАЛАЛАР ПОЭЗИЯСЫ

(Жалғасы. Басы 3-бетте).

Ол халқымыздың аса қымбат асыл мұрасы. Ал оның балаларға арналған поэзиясына өзіндік өрнек табуға болады. Асыл тұлғаның өлеңдерін жіктеп, топтастыра отырып оқыту – нәтижелі жұмыстың алғашқы баспалдағы деп ойлаймыз. Ақынның бұл асыл қазынасы Мағжан Жұмабаев балалар әдебиетінің іргесін қалаушы жазушылардың бірі дегенге толықтай негіз болады. Бүгіндері қазақтың ақиық ақынының шығармалары мыңдаған таралыммен жарық көруде және кез келген әдебиет сүйер қауымға қолжетімді. Астана қаласында орналасқан Қазақстан Республикасының сирек кітаптар мен қолжазбалар ұлттық орталығында Мағжан Жұмабаевтың балаларға арналған өлеңдері сақталған. Оның бірі – жоғарыда атап өтілгендей “Тәрбие, білім, әдебиет жайындағы мақалалардан терме, №1. Ташкент, 1925” шығармасы. Бұл кітапта Мағжанның педагогикасы туралы тереңірек жазылған. Сонымен қатар Мамин-Сибиряктің “Ақ боз ат” повесін, Лев Толстойдың “Хажы-Мұрат” повесін тәжірмалаған Әлихан Бөкейхановтың еңбектеріне жоғары баға берілген. Абдулла Байтасовтың, Шамғали Сарыбаевтың, Жүсіпбек Аймауытовтың, Халел Досмұхамедовтің, Мұхамеджан Тынышпаевтың, Қошкел Кемеңгеровтің қазақтың тарихи тұлғалары туралы очерктері, эпостар мен аңыздар, “Ер Едіге”, “Базар жырау”, “Жалаңтос батыр” және басқа да шежірелер кітаптан орын алған. Қазақ тілді оқырмандарға арналған бұл кітап қалай жарық көріп еді? 1925 жылы Ташкент қаласында Шығыс Қазақ мемлекеттік баспасы (қысқаша “Восток Казгосиздат”) жұмыс істеген. Осы шаһарда әдістемелік жинақтар, қазақ ақын-жазушыларының әдеби және педагогикалық мақалалары жиі шығарылып тұрған. Қайым Мұхамедханов сілтеме жасаған кітапта Мағжан Жұмабаевтың “Балаларға базарлығым” жалпы атауымен балаларға арналған өлеңдерінің топтамасы жарияланған. Кітап араб графикасымен (төте жазу) шыққан. 1924 жылы Мәскеу қаласында тұрған Мағжан Жұмабаев орыс жазушысы Максим Горькийдің повестері мен әңгімелерін қазақ тіліне аударған. Бұл кітап сол кездегі көп таралым – төрт мың дана болып (Максим Горький. “Сұңқар жыры”. Аударушы: Жұмабаев Мағжан. Мәскеу, 1924) баспа бетін көрген. Бұл кітапқа Максим Горькийдің “Сұңқар жыры”, “Жұртын сүйген жүрек”, “Ана”, “Темірді жұмсаптан ана”, “Хан мен ұлы” сияқты туындылары кірген. Белгілі Алаш қайраткері Жүсіпбек Аймауытов “Аударма ұғымды, сұлу жазылған. Тілінде кемдік жоқ”, – деп Мағжанның тәжірмесіне жоғары баға берген. Мен бұл мақаламда біздің өңірге қатысты бір фактіге тоқтала кетуді жөн көрдім. 1925 жылғы “Терме” кітабының “Халық әдебиеті” бөлімінде “Сексеннің Тоқсанмен билікке таласқаны” шағын мақаласы жарық көрген. Бұл мақаланы жазған және оны Ташкентке жолдаған Ахмет Жанталыұлы. Ол өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарының орта тұсында ауыл тілшісі ретінде Ташкентте шығатын “Ақ жол” газетіне елдегі жағдай туралы мақалалар жариялап тұрған. Ахмет Жанталыұлы Троицк қаласында білім алған соң туған еліне оралып, Ақмола облысының Петропавл уезінде (қазіргі Жамбыл ауданы) қазақ ауылында мектеп ашқан. Оны 1909 жылы ауылда мектеп ашқан Абылай Рамазанов жақсы білген. Ахмет Жанталыұлы ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтаумен, өлкетану ісімен айналысқан, белгілі адамдар мен билер туралы мақалалар жазған. Алайда қуғын-сүргінге ұшырап, Петропавлдағы түрмеде отырған.

Мағжан Жұмабаев – қазақ поэзиясына өзіндік жаңашылдығымен тыңнан түрен салған қаламгер. Ол қазақ лирикасына сыңғырлаған нәзік әуез нәрін құйып, ұлттық рухты ұлттық сезімнен қуат алған өзгеше үнмен жырлады. Мағжан – ұлтымыздың мақтанышы, халқымыздың бағына тұған жарық жұлдызы. Мағжандай ақынның өлеңдерімен сусындап өскен ұрпақ – бақытты ұрпақ. Сондықтан еліміздің барлық мұғалімдері, мектеп оқушылары ақынның балаларға арнаған туындыларын оқуға тиіс.

Гүлнәр МҰҚАНОВА,

Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты.

АЛЛАНЫҢ СЫНАҒЫ – АДАМНЫҢ АЛАР САБАҒЫ!

Сынақ – бір сөзбен айтқанда, ол адамзатқа Алла Тағала тарапынан бекітілген бір өлшем яғни қазіргі тілмен айтар болсақ, сынақ – Алла Тағаланың пендесіне беретін ең мықты техникасы. Түсіндіре кетейін, мәселен, адам мен адам арасында жүретін кез келген жамандық, бұл сынақ емес. Бұл олардың адамзат деген ұлы аттарына келетін үлкен-кішілі сын, қай-қайсысына болмасын. Егер ар-ұяттары жоғары болса, бірін-бірі кешіреді, төмен болса, бір-бірінен үзіледі. Ал, адам мен Алланың арасында жамандық жүреді ме, қалай ойлайсыздар, ол сын ба әлде сынақ па? Дегенмен, сынаққа апаратын қысқаша үш жағдайға тоқталып өтейін.

Біріншіден, Алла мен адам арасында келісім бұзылған жағдайда яғни адам өзінің пейілі, тілі және іс-әрекетімен яғни бір сөзбен айтқанда күнә жасап, сынаққа өзі барып түспесе, Алла оған бірінші болып жамандық жібермейді. Себебі, Алла – мейірімділіктің патшасы. Пендесін жақсы көреді және жақсы біледі, Оған күнәсі де белгілі, сонда да күш-қуатын кемітпестен, қайрат-жігерін алып қоймай, ойлануға, тәубеге келуіне уақыт береді. Яғни бұл өз қолыңмен істегенді өз мойныңмен көтер деген белгі.

Екіншіден, кімде-кім жүрек қалауын яғни мейлі күйеу, әйел, бала-шаға, әке-шеше, ата-ене болсын немесе бір нәрсені, мейлі білім, дүние, мал-мүлік, байлық болсын, Алла Тағаладан жоғары қойған жағдайда, тура сол қалауымен сыналады. Яғни біреуді тым қатты жақсы көру, оның жолына өле берілу немесе бір нәрсені қатты жек көру, алыстау да сынаққа апаратын жол. Маған қайырылған кісілердің ішінде есімде қалғаны, «Мен өтірікті, сатқындықты, жалған уәде беретін адамдарды иттің етінен жек көремін. Бірақ Құдайдың құдіреті, алдымнан сондай адамдар шыға береді, кезіге беремін» дейді. Сол сияқты, екінші бір адам айтады «Мешітті жанымнан бетер жақсы көрдім, әрбір бұрышын таңға дейін сағынатынмын, күн-түн демей тазалығына мұқият болдым. Алайда, жұмысымнан еріксіз кеткен кезде, мешітті Алладан бетер жақсы көріп, жоғары санағанымды түсіндім дейді. Сондықтан, мынаны ұғынайық. Алланы біз ұмытқанмен, бізді Алла еш ұмытпайды әрі Өзін ешқашан ұмыттырмайды. Мейлі күйеуді, тоқалды, дүниені, білімді қуаласын, айналып келгенде Аллаға келіп тіреледі. Себебі, «Адамнан сұрағанның көзі шығады, Алладан сұрағанның бүйірі шығады» дейтін ғасырлар бойына дәлелденген сөз бар. Үшінші жағдайда, Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбардың: «Алла кімге жақсылық қаласа, оны сынайды» деген хадисін алайық. Өмірде «Жан адам баласына тигізген зияным жоқ, ниетім түзу, бірақ басымнан сынақ кетпей қойды» дейтін жандарды кезіктірген шығармыз. Мен дәл сол адамнан «Пейіліңіз шынымен дұрыс па, Алланың қай парызы орындалды не болмаса қай тыйымына тоқтадыңыз» деп сұрар едім. Расымен де, жоғарыда «Әнкабут» сүресінде айтылғандай, Аллаға иман келтіргенмен, қалауына көнбесе, бұл әлсіздігіне қарамастан, Оның қалауына таласуы. Біліңіздер, асқан байқуатты, дүйім елге сыйлы, атағы жер жарған абыройлы болса да, Алладан алпауыт сынақ келсе, адам жалғыз қалады. Бәрі теріс айналады, бәрі қашады, тіпті әйелі мен баласына да жақпай қалады. Адамға жақсыдан жаманға өту өте тез, ал жаманнан жақсыға өту тез де емес, оңай да емес, әйтсе пендесін Алла сынар ма еді. Сондықтан, Алланың сынағы – адамның алар сабағы!

Сынақтан қалай өтеміз, мұндай жағдайда пенде не істеуі керек?

Біріншіден, мынаны жақсылап ұғынайық, сынақтан ешкім қашып құтылған емес, «Қайда барсаң да, Қорқыттың көрі». Сондықтан, адам есін жиып, келешек өмірін ойлап, саналы түрде сынаққа қорықпай қарауы керек яғни сынақты қабылдауы керек.

Екіншіден, Жаратушының барлық жара-тылыстары – Оның әскерлері. Мәселен, бір күн делік немесе бірнеше күн далада жел тұрмай

қалса, ауаны тымырсық басады, шөлден көзімізді аша алмай қаламыз. Немесе шөлімізді басқан, қажетімізге жараған судың өзі азайып кетсе, қуаңшылық басталады. Ал, көбейіп кетсе, апат пен өлім. Бұл жалпы адамзатқа берілетін сынақ емей не? Сол сияқты, Алла Тағаланың әскерлерінің ішіндегі ең күштілері – ол от. Ал, сол отты сү өшіреді. Ол да Жаратқанның үлкен құдіретті әскері. Сол құдіретті суды бұлт көтеріп жүреді. Енді бұлтты күшті дейін десең, оны жел айдап әкетең. Ал, желді күшті дейін десең, оны таулар тоқтатып қояды. Тауды адамның күші бұзады, реттейді, тіпті қажетіне пайдаланады. Енді адамды күшті дейін десең, оны ұйқы тоқтатады. Ал, ұйқыны не кетіреді, уайым мен қайғы. Ал, уайым мен қайғыны не кетіреді, зікір емдейді екен. Сонда, адамзаттың ең күшті құралының бірі – ол зікір яғни Алланы ұлықтау. Ендеше, Алламен дос болып, сынағына түскіміз келмесе, түссек те, жеңіл болуын қаласақ, тіліміз зікірден құрғамасын. СубханАлла, Әлхамдүлиллә, Аллаһу Әкбар, Астағфирулла, Лә иләһә иллалла деп санамай сансыз айтсақ, бұл Алланы қуантқанымыз. Ал, қалған уақытта осы сөздерді қазақ тілінде Аллаға мақтау, Алла пәк, Аллаға шүкір, Алла ұлық, Алланың қалауы, Алла кешіре гөр, Алладан басқа Тәңір жоқ, Алла қаласа, бұйыртса деп айтуымызға әбден болады.

Үшіншіден, дүние төңкеріліп кетсе де, сабыр түбі – сары алтын. Сабырлық сынақты жеңілдетеді, сауапты еселетеді яғни Алла алдындағы дәреже бір сатыға көтеріледі, егер сабыр етсе қана! Ал, уайымға беріліп немесе қайғыдан қан жұтып, байбаламға салып, құрдымға кету, биіктен секіру не болмаса өзін-өзі тастап жіберу – бұл өмірді құрту, өнбейтін іс, сынақты ауырлату, денсаулықты нашарлату. Сондықтан, қабырға қайыспас үшін, сағы сынбас үшін, сынаққа берілмес үшін, сынақты жүрепке таразылау керек. Яғни Алла Тағала сынақты не үшін жіберді, қай жерден қателік кетті, қандай амал-әрекеттер керек деген сияқты түйіндерді шешу үшін, салқын ой мен ақыл сабырлы шешім шығаруы тиіс.

Төртіншіден, шешімді ортаға салу. Ер адам болса қабырғасымен яғни күйеуі әйелімен немесе әйелі күйеуімен, болмаса әке-ана, бауырларымен кесісіп, сынағын жеңілдету. Ал, үлкен қиындықтарда ағайынның басын біріктіргені тіптен жақсы. Маңайына туыс-жұрағатын, жанашыр жақын дос-жарандарын жинап, қайғысымен бөліссе, «көп түкірсе, көл болар» демекші, сынағын бірге көтерісетіндер міндетті түрде ортадан табылады, ең болмағанда уайым-қайғысы азаяды. Ер жігіттің аузында Алласы, жан-жағында ағайыны болса, ешқашан сынақта жалғыз қалмайды, осыны ескерген жөн.

Бесіншіден, еңсені қандай да бір ауыр сынақ басса да, мына әлемді билеп тұрған құдіреті күшті жалғыз Алла ғана екенін ұмытпау. Сол құдіретке жүзді бұру, қателік-күнәсі үшін кешірім сұрау, құлшылыққа келу, намазға тұру, сәждеге бару, қолды жаю, дұға-тілекпен жалбарыну, тәубеге келу, Аллаға уәде, өзіне сөз беру, болашағына үміт жалғау. Алла Тағала ол үшін міндетті түрде күнәлерінің бірін кешіреді. Бұл өмір - адамдардың сабырлығы мен төзімділігін ашатын қиындықтардан тұратын сынақтан басқа ештеңе емес. Сынақтар әртүрлі болады: кедейлік, ауру, өмір сүрудің қауіпті ортасы, жақындарынан айырылу және тағы басқа – деген болар еді. Сынақ деген жаза емес, ол – ұлы иман. Сынақ деген азап емес, ол – күш-жігер. Сынақ деген сындыру емес, ол – ес жию. Сынақ деген қинау емес, ол – сабыр ету. Сынақ деген үрей емес, ол – шығар жол, сынақ деген ғалымдарға – шамшырақ, Алла жолындағыларға – ескерту, мүміндерге – тура жол, ақыретті ұмытқандарға – өлім хабаршысы. Тағдырға қарсы шықпайық, шықсақ мықты болайық!

Нұрлан қажы Байжігітұлы, дінтанушы.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылып 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 388. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй. БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ: 8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.